

# Саяси тұлға

*ОРЫНДАҒАН: ӘДІЛЕТҰЛЫ F; МАДЫБЕКОВ Ж 15-МТК-1*

---



---

*Джордж Уошингтон 1732-1799*



## □ Өмірінің бастапқы кезеңдері

□ *Уошингтонның туған жері*

□ *АҚШ тарихындағы ең танымал тұлғалардың бірі Джордж Уошингтон 1732 жылы 22 ақпанда Солтүстік Америкада, Виргиния штатындағы Уэстморлэнд маңында дүниеге келді. Оның әкесі Августин Уошингтон сол кездегі ірі плантаторлардың бірі болды. Қайсар да, еңбекқор Августин баласы он бір жасқа тола бере дүниеден өтеді, жас Уошингтон әкесінің ағасы Лоуренстің қолында өседі. Оның әйелі Аннаның ағылшындық дворяндық әулеттен болуы Джордждың жақсы тәлім-тәрбие мен білім алуына мүмкіндік береді. Олар Джорджды қамқорлығына алып, ешқандай мұқтаждық көрмеуін қадағалайды.*

□ *Алғашқыда жер өлшеуші мамандығы бойынша оқыған жас Джордж математика мен топографияны жақсы меңгереді, бірақ көп ұзамай әскери жолды таңдауға бел буады. 1751 жылы Джорджға әкесінің Огайо өзені бойындағы плантация мұрагерлікке беріледі. Көп ұзамай баласындай тәрбиелеп өсірген Лоуренс те өкпе ауруынан қайтыс болады. Алғашқыда өз плантациясында еңбек еткен Джордж өз штатындағы әскери қимылдарға қатысады және майор әскери шеніне ие болады. Бұл кезде Жетіжылдық соғыс жүріп жатқан болатын. Бұл соғыс XVIII ғасырдағы ең ірі жанжалдардың қатарынан орын алады. Жетіжылдық соғыс Еуропа мен Солтүстік Америкада ғана емес, Үндістан мен Филиппин жерінде де жүрді. Оған негізінен еуропалық ірі державалармен қатар орта және ұсақ елдер де, Солтүстік Америкадағы кейбір үндіс тайпалары да қатысты. Солтүстік Америкадағы ағылшын отары қатарында бұл соғысқа Джордж Уошингтон да қатысты.*



Уошингтонның Огайо журналындағы (Journal to the Ohio) картасы (1753–1754).

- Жеті жылдық соғыс кезіндегі Уошингтон
- 1754 жылы Джордж Уошингтон Огайо өзені аймағында шағын әскери экспедицияны басқарады. Француздарды осы аймақты ұрыссыз тастап шығуға көндірмек болған Уошингтонның әрекетінен ештеңе шықпайды. Оның шағын отряды тосқауылға тап болып француздарға тұтқынға түсіп қалады. Бірақ француздар тұтқындарға мейірімділік танытып оларды ағылшын әскерлері бақылау жасап отырған Виргиния штатына қарай жібереді. 1755 жылы Уошингтон Виргиния штаты жасақтарының қолбасшысы болып тағайындалады және подполковник шеніне ие болады. Ол сонымен қатар Виргиниядағы британ әскерлерінің бас қолбасшысы генерал Эдвард Брэдоктың де көмекшісі болады. Олар тағы да Огайо жазығына жорық жасайды және екінші рет француз әскерлерінің тосқауылына тап болып, генерал Брэдок оққа ұшады. Әскерге басшылық жасауды қолға алған Уошингтон жауынгерлерді қоршаудан алып шығады. Осы әрекеті үшін оған генерал шені беріледі.
- 1756 жылдан бастап Уошингтон Виргиния шекарасын қорғауды басқарады. 1757 жылдың соңында Солтүстік Америкадағы француз әскерлері толық толқандалады. Соғыс аяқталғандықтан Уошингтон ағылшын әскері қызметінен босатылды.



40 жастағы  
Уошингтон (1772)

- 1758-1774 жылдары Виргиния заң шығару жиынына мүше болады. 1769 жылы Виргинияда метрополияның, яғни Англияның тауарларына бойкот жариялайтын бірлестік құрылады. 1774 жылы Бірінші континенталды конгрес құрылғанда, оның алғашқы жеті делегатының бірі болған Уошингтон көп ұзамай континенталды армияның бас қолбасшысы болып сайланады. Ол ең алдымен әскери тәртіп пен әскери шеберлікті нығайтуға күш салды. Осылайша мықты да тәртіпті әскер құрылады. Нәтижесінде Уошингтон басқарған армия алғашқы ұрыстардан бастап-ақ жеңіске жете бастайды. 1775 жылы ірі Бостон қаласын қоршауға алады және бірнеше ұрыстардан кейін 1776 жылы наурызда ағылшын әскерлері Бостонды тастап шығуға мәжбүр болады. 1776 жылы 4 маусымда Филадельфия Конгресі он үш штаттың тәуелсіздігін жариялайды.



Уошингтонның  
үйленуінен кейінгі Маунт-  
Вернондағы үлкейткен үйі

- Маунт-Вернондағы өмірі  
Соғыс аяқталған соң ол өз плантациясына келіп шаруашылықпен айналысады, темекінің жаңа түрлерін өсіреді. 1759 жылы жесір Марта Дэндриджге үйленеді. Мартаның алғашқы некесінен туған екі ұлымен бірге олар өздерінің плантациясында, Маунт-Вернонда салауатты өмір кешеді.
- Жеті жыл ішінде Маунт-Вернонға екі мыңдай қонақ келеді. Олар әртүрлі тақырыптарды сөз етеді, талқылайды, өздерінің көзқарастарын білдіреді. Осылайша Маунт-Вернон саяси пікірталас клубының орталығына да айналады. Осы жылдары Уошингтонның саяси көзқарасы қалыптасып, ол Виргиниядағы ең ықпалды саяси тұлғалардың қатарына қосылады. Колледждік деңгейде де білім алмаған Уошингтон білімін өздігінен толықтырады және Солтүстік Американың тәуелсіздігі туралы көзқарасын ашық білдіре бастайды.



***УОШИНГТОН ҚҰРАМА ШТАТТАР КОНСТИТУЦИЯСЫНА ҚОЛ ҚОЮ ҮСТІНДЕ, 17 ҚЫРКҮЙЕК 1787 ЖЫЛ, HOWARD CHANDLER CHRISTY САЛҒАН СУРЕТ, 1940 ЖЫЛ.***

**ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ УОШИНГТОННЫҢ БЕДЕЛІ МЕН АБЫРОЙЫ ОЛ ҚЫЗМЕТІНЕН КЕТКЕННЕН KEЙІН ДЕ АРТА ТҮСТІ. АМЕРИКАНДЫҚТАР ОНЫ ҰЛТТЫҚ БАТЫР МӘРТЕБЕСІНЕ ДЕЙІН КӨТЕРЕДІ. ОНЫҢ АТАҚ ДАҢҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚҚА ДА БЕЛГІЛІ БОЛДЫ. ОНЫҢ ӘСКЕРИ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІМЕН ҚАТАР ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨНЕРІ ДЕ ФРАНЦИЯМЕН БІРЛЕСІП АҒЫЛШЫН МЕТРОПОЛИЯСЫНА ҚАРСЫ КОАЛИЦИЯ ҚҰРУҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.**

**1787 ЖЫЛЫ ДЖОРДЖ УОШИНГТОН ФИЛАДЕЛЬФИЯДАҒЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОНВЕНТТІҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛЫП САЙЛАНАДЫ. ОНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АҚШ КОНСТИТУЦИЯСЫ ЖАСАЛЫП, 1787 ЖЫЛЫ 17 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ. УОШИНГТОН КОНСТИТУЦИЯ АВТОРЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛМАҒАНЫМЕН ЕЛ КОНСТИТУЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ӘРТҮРЛІ КӨЗҚАРАСТАР МЕН ТАЛАС ПІКІРЛЕРДІ ТАРАЗЫҒА САЛУДА, САЛМАҚТАУДА, ОЛАРДЫ МӘМІЛЕГЕ КЕЛТІРУДЕ ҮЛКЕН ТАБАНДЫЛЫҚ ПЕН БАТЫЛДЫҚ ТАНЫТАДЫ. КОНВЕНТ ТӨРАҒАСЫ УОШИНГТОННЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ӘЛЕМДІК ТАРИХТАҒЫ АЛҒАШҚЫ КОНСТИТУЦИЯ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ. ОНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН КОНСТИТУЦИЯҒА «ҚҰҚЫҚ ТУРАЛЫ БИЛЛЬ» ДЕГЕН АТАУМЕН БЕЛГІЛІ БОЛҒАН ТОҒЫЗ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗІЛДІ. ОСЫ ТҮЗЕТУЛЕРДІҢ НЕГІЗІНДЕ СӨЗ, АР-ОЖДАН, ЖИНАЛЫС, ОДАҚТАР ҚҰРУ, МЕНШІККЕ ИЕ БОЛУ БОСТАНДЫҚТАРЫ ТҮПКІЛІКТІ БЕКІТІЛДІ.**

# ҚҰРАМА ШТАТТАРДЫҢ БІРІНШІ ПРЕЗИДЕНТІ



- 1789 жылы ақпанда Джордж Уошингтон АҚШ-тың тұңғыш президенті болып сайланады. Осы жылы 30 сәуірде президенттік ант беруден кейін жоғары лауазымдық қызметін бастайды. 1792 жылғы сайлау алды науқанға қатыспағанымен халықтың ұсынысымен екінші рет президенттік сайлауға түседі және таңқаларлық жеңіске жетеді. Оған таңдаушылардың 100 %-ы дауыс береді. Мұндай жағдай ел тарихында бұдан кейін қайталанған емес. Уошингтон үшінші рет сайлауға түсуден бас тартады және әрбір президентінің екі реттен артық сайланбауы керектігі туралы өз ойын білдіреді. Бұл дәстүр Франклин Рузвельттің төрт рет сайлануын есептемегенде әлі күнге дейін бұзылған емес. Екі реттен артық сайланбау нормасын 1950 жылдары АҚШ Конгресі заң жүзінде бекітті.
- Джордж Уошингтон өзінің саяси қызметінде елде демократиялық үрдістерді және Конституцияға деген құрмет сезімін қалыптастыруға көбірек күш салды. Биліктің үш тармағы мен олардың тепе-теңдігін жетілдіруде де көп еңбек сіңірді. Уошингтон Конгреске Жолдау арнау тәжірибесін бастап берді. Қазір бұл үрдіс әлемнің көптеген елдерінде бар. Ол сонымен қатар АҚШ-тағы екі партиялық жүйенің негізін қалаушылардың да бірі болып табылады. Бұл дәстүр де қазіргі күнге дейін жалғасып келеді.




## ДЖОРДЖ УОШИНГТОННЫҢ ҰЛТҚА АРНАУЫ (19 ҚЫРКҮЙЕК, 1796 ЖЫЛ)

---



- *1796 жылы қыркүйекте Джордж Уошингтон өзінің атақты Ұлтқа арнауын – қоштасу Жолдауын арнайды. Тұңғыш президент өзінің бұл Жолдауында штаттар арасындағы бірлікті нығайтуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бүкіл ел болып күресуге, мемлекеттік қаржыны барынша үнемдеуге, бейбіт уақытта үлкен армия ұстамауды аманат етті, халықты саяси кикілжіңнен тартынуды, саяси партиялардың арзан сөзіне мұқият болуды, дін мен мораль қағидаттарын қатаң түрде сақтауды ұсынды.*

## □ Өлімі



**«ҰЛТ ӘКЕСІ» АТАНҒАН ДЖОРДЖ УОШИНГТОН 1799 ЖЫЛЫ 13 ЖЕЛТОҚСАНДА САЛТ АТПЕН ЖҮРІП ҚАР АРАЛАС ЖАҢБЫР АСЫНДА ҚАЛЫП ҚОЙЫП СУЫҚ ТИГІЗІП АЛАДЫ ЖӘНЕ ПНЕВМОНИЯДАН ДЕНСАУЛЫҒЫ КҮРТ НАШАРЛАП КЕЛЕСІ КҮНІ БҰЛ ДҮНИЕДЕН ОЗАДЫ. АҚШ МЕМЛЕКЕТІНІҢ БАСТАУЫНДА ТҰРҒАН, ОНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН, ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БОЛҒАН, ЕЛДЕГІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ИНСТИТУТТАР МЕН ҚАҒИДАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА АЙРЫҚША ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ДЖОРДЖ УОШИНГТОННЫҢ ТУҒАН КҮНІ – 22 АҚПАН БҰЛ ЕЛДЕ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ РЕТІНДЕ АТАЛЫП ӨТІЛЕДІ. БҰЛ КҮН 1885 ЖЫЛЫ РЕСМИ ТҮРДЕ ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ. 1971 ЖЫЛЫ АҚШ КОНГРЕСІ МЕРЕКЕЛЕРДІ ДҮЙСЕНБИГЕ АУЫСТЫРУ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАЙДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ДЖОРДЖ УОШИНГТОННЫҢ ТУҒАН КҮНІН, ЯҒНИ, АҚШ-ТАҒЫ ПРЕЗИДЕНТ МЕРЕКЕСІ АҚПАН АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ АПТАСЫНДАҒЫ ДҮЙСЕНБИ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНДІ. БҮКІЛ АМЕРИКАЛЫҚ ЖҰРТШЫЛЫҚ ҚҰРМЕТТЕЙТІН, ОНЫҢ РУХЫНА БАС ИЕТІН ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТІҢ МҰНДАЙ ҚҰРМЕТКЕ ӘБДЕН ЛАЙЫҚТЫ ЕКЕНДІГІН ӘРБІР АМЕРИКАНДЫҚ ТА МОЙЫНДАЙДЫ**

*Орындаган: Әділетұлы Ғ; Мадыбеков Ж*

**15-МТК-1**

---

